

Учащиеся разделены на 2 группы, они должны предположить, как поступит жена. Вариантов было предложено множество: просто посочувствует, предпримет какие-либо меры для спасения мужа, пойдет к нему на работу и будет отстаивать чертёж мужа, а некоторые предположили, что пару в итоге ждет развод.

После ответов учащихся смотрим еще одну сценку по рассказу «Решение Веры и спасение мужа». Сравниваем свои предположения и какой выход из положения нашел А.Куприн.

Вот так может примерно выглядеть план урока, проводимого по кейс - технологии:

Этап	Содержание деятельности	Форма работы	Время
1	Ознакомление с ситуацией. Выявление проблем. Обобщение информации. Анализ информации	Индивидуальная	30 %
2	Формулировка альтернативных решений. Составление перечня «+» и «-» каждого решения. Оценка альтернатив. Уточнение проблем и их иерархия.	Групповая	50 %
3	Обоснование выбора решения. Разработка плана реализации решения. Презентация результатов	Индивидуальная и групповая	20 %

Подводя итог вышесказанному, хочется привести слова Вальтера Скотта, которые можно взять девизом ко всем инновационным технологиям: «Самое главное в жизни – это собственный опыт».

Литература:

1. Кейс-технологии как средство формирования ключевых компетенций учащихся на уроках русского языка и литературы. <http://nsportal.ru/sites/default/files/2012/12>

КӨП ТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ - ӨМІР ТАЛАБЫ

Молгаждарова С. М., аға оқытушы

Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ,

Нуртаева Н.К.,

«№74 ЖББОМ» қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі,

Қарағанды қаласы

Адамзат тарихының сандаған ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесі көрсеткендей қоғам мен мемлекет құрылымындағы күрделі құбылыс – тіл мәселесі болып табылады.

Тіл ұлттың негізгі белгісі ретінде халықтың болмыс-бітімінің сақталуында шешуші рөл атқарады. Оның рухани мәдениетінің бір бөлігі болып табылады, сондықтан да тіл өзіне деген құрметті талап етеді.

«Тіл тағдыры – ұрпақ тағдыры, – ел тағдыры» деген ұранды ұстанған қазақ халқы ғасырлар бойы елі мен жерін, діні мен тілін сақтап қалу жолында талай қиын-қыстау кезеңдерді басынан кешірді. Өйткені ана тілі мәселесі – сол тілде жасаған, жасап келе жатқан халықтың өткені мен бүгінгісін таразылай отырып, болашағын танытатын, сол халықтың мәңгілігінің, тәуелсіздігінің мәселесі. Елдіктің негізгі шарттары, түптеп келгенде мемлекет тілінің, ұлт рухының көтерілген биігімен өлшенеді. Халықтың тәуелсіздігінің ең басты белгісі – оның ана тілі. Ұлттық тілі, мәдениеті жоқ ел ешқашан да егеменді ел бола алмайды, болуы да мүмкін емес. Тілдің өзі - тарих тереңіне бойлатып, өнер мен мәдениеттің кәусар бұлағына сусындататын рухани әлеміміздің сарқылмас қазынасы, байлығы. Еліміздің экономикалық әлеуетін көтеріп, демократияны дамытумен қатар Елбасы «Қазақстанның болашағы – қазақ тілі» екендігін әрдайым ескертіп, «Қазақстан – 2050» Стратегиясында әрбір қазақстандық үшін қағида ретінде: «Тілге деген көзқарас, елге деген көзқарас» деп баса айтқаны баршаға белгілі. Әдетте тіл жөнінде, тіл – адамдар ара қарым-қатынас жасау құралы

деп, оған жай-жадағай анықтама берілгенімен, іс жүзінде тіл тек адамдар ара қарым-қатынас жасау құралы ғана емес, қайта онан да маңыздысы, ол белгілі бір ұлттың ұлттық сана-сезімі, халықтың қасиеті, оның жалпы тарихы, әдет-ғұрпы, мәдениеті сияқты ұғымдарды тұтастай өз бойына қамтып жататын күрделі ұғым.

Конституциямыздың 7-ші бабында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі — қазақ тілі» деп көрсетілген. Мемлекеттік тілді білу — әрбір Қазақстан азаматының борышы. Бүгінгі таңда мемлекеттік тіл туралы көз майын тамызып, жанарын жасытып жүргендер де аз емес. Мемлекеттік тіл елімізде маңызды да өзекті мәселе Мемлекеттік тіл – елдің елтаңбасы, туы, ән-ұраны сияқты нышандардың бірі. Бауыржан Момышұлы «Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата - бабамызды, тарихымызды ұмыту» деген болатын. Ия, әр ұлт өзінің тілін, дәстүрін, мәдениетін сақтап қалуда. Бұл олардың ата баба алдындағы парыз, міндеттері. Қазіргі таңда қазақ тілінің қал ахуалы бұрынғы тәуелсіздік алған жылдарға қарағанда едәуір даму үстінде. Мемлекеттің саясаты - тіл саясаты қағидасын тәжірибеге берік ендіру, алға басуға ұмтылу. Осы орайда, біздің елімізде көптеген шаралар өз бастамасын табуда. Атап айтсақ, қазақ тілін оқып-үйрену бойынша үгіт-насихат жұмыстары, семинарлар мен дәрістер өткізіледі. Жыл сайын мемлекеттің қолдауы мен мемлекеттік тілді дамыту шаралары өтіп тұрады. Негізгі ұстаным - қазіргі заман талабына сай ұлттың ұлт болып жалғасын тауып, тумысымыздан жанымызға сіңген тіліміздің қадір-қасиетін сақтау және жеткізу, одан ой түйю. Ешкімге жалтақтамай, бүгінгі бейбіт тірлігімізге, қол жеткізген Тәуелсіздігімізге, азаттық пен еркіндігіміз үшін жанын аямай алысқан мың-мыңдаған азаматтардың, қыршын жастайынан кеткен ұлтын сүйген ұландардың қайсарлығын мақтан етіп, қазақ топырағын дөп басып, емін-еркін өмір сүріп жатқан елімізді одан әрі жандандыру ендігі кезекте ол біздің міндетіміз. Қазіргі таңда мемлекеттік тілдің қызметте жандануы маңызды іс.

Жаһанданған дамыған дәуірге ойдағыдай сәйкесіп, өзге жұртпен шынайы қарым-қатынас жасау үшін бір тілмен шектеліп отыру да жөн емес. Заман талабы көп тілдікті талап етіп отыр. Елбасы өзінің 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі – жаңа Қазақстан» атты жолдауында: «Қазақстан халқы бүкіл әлемде үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Қазақ тілі-мемлекеттік тіл, орыс тілі-ұлттаралық қатынас тілі және ағылшын тілі-жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» деп мәлім етті. Яғни мемлекеттік тілді дамытамыз, орыс тілін қолдаймыз және ағылшын тілін үйренеміз. Мынау бәсекелі нарықтық қоғамда көп тілді игеру – мәдениеттілік пен білімділіктің белгісі, ғылым биігіне көтерілудің жолы, азаматтық саналылықтың, естіліктің, парасаттылықтың айғағы. Қазақ тілі еш уақытта өзімен көршілес халықтың тілдерінен сорлы болып, қатардан қалып өмір сүрмегендігі, өз сыбағасын ешкімге бермегендігі мыңдаған жыл тарихынан айқын.

Біздің халық тумасынан еліктегіш, бір жағынан тез қабылдағыш болып келеді. Бірақ бұл қазір өз кезегінде жақсы нәтижесін көрсетуде. Әлемдегі тілдерді тез қабылдағыш ұлттардың бірі қазақ халқы. Кеңес заманында өздеріңізге белгілі қарым-қатынас тілі орыс тілі болып есептелді. Мұның өз себебі айдан анық болды. Біздің халықта қарап қалған жоқ. Бағана айтып өткендей, еш уақытта өзімен көршілес халықтың тілдерінен сорлы болып, қатардан қалып өмір сүрмеді. Олардан асып түспесе кем қалмады.

Тарихымызға жүгіртіп өтсек, бір емес бірнеше тілді білген ақын жыршыларымыз, ғалымдарымыз, ұстаздарымыз өмірден өтті. Солардың бірі әлемнің екінші ұлы ғұлама ұстаз Әбу-Насыр Әл-Фараби өмірінде 76 ұлттың тілі білсе, қазақ халқының бірінші ұстазы Ыбырай Алтынсарин тіл білгеннің арқасында қазақ балаларының көзін ашты. Дана, ұлы ақынымыз Абай Құнанбаев пен Шәкәрім Құдайбердіұлы қазақ-орыс тілдерінен басқа, парсы, түрік, араб тілдерін меңгеріп, оларды жақсы білген. Бұның өзі біздің халықтың тілге деген қарым-қатынасының бір деңгейін көрсетеді. Бұл кісілер тегіннен тегін өзге халықтың тілін меңгерген жоқ, оның да өз себептерімен заман талабы мен өмір заңдылықтары болды. Бір азаматтың өз ана тіліне қанық болуы шарт, астында өзге бір ұлттың тілін жеттік игеріп, сол ұлт азаматтарымен ойдағыдай тіл табыса білуін үлкен біліктіліктің белгісі деуге болады.

Ендігі кезекте жан-жақты тіл білу-заман талабы. Көптілді оқыту – жас ұрпақтың білім деңгейі кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, көз қарасын қалыптастыратын, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бірден бір бүгінгі күнгі ең қажеттілік. Негізгі мақсат: бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптілікті анықтауға қабілетті мәдениетті тұлғаны дамыту және қалыптастыру. Үштілдік туралы Қазақстан Республикасының

Президенті Н.Ә.Назарбаев білім және ғылым саласы қызметкерлерінің III съезінде сөйлеген сөзінде: «Ағылшын тілінің қажеттілігі әлемге тән қажеттілік, бүгінгі күн талабы. Ал орыс тілін жақсы білу – біздің байлығымыз» деген болатын. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерін меңгеру адамның жеке басының және кәсіби қызметінің қазіргі қоғамның ажырамас бір бөлігі ретінде болып отырғаны рас. Осының өзі үлкен көлемде адамдардың практикалық және кәсіби іскерлік тұрғыда көп тілді меңгеру қажеттілігін тудыруда. Әлемдегі дамыған отыз елдің қатарына кіру үшін мемлекет «үш тұғырлы тіл» саясатын қолға алып белсене кірісіп отыр. «Үш тұғырлы тіл» идеясының үшінші құрамдас бөлігі – ағылшын тілін үйрену. Жасыратыны жоқ, бүгінгі таңда ағылшын тілін меңгеру дегеніміз – ғаламдық ақпараттар мен инновациялардың ағынына ілесу деген сөз Елбасының ұстап отырған сындарлы саясатының астары өте тереңде жатыр. Біз тәуелсіздік алғаннан бері 24 жылдың ішінде бірталай істің бетін қайтардық. Биыл біз әлемдік деңгейдегі Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше болдық. Бұған біз 19 жыл бойы келісім шарт жүргізудің арқасында қол жеткізіп отырмыз. Оның алдында бір жыл бұрын Еуразиялық экономикалық одақ құрып, соның бір мүшесіміз. Бұлар біздің жеткен жетістіктердің бірден бірі ғана. Бұл жолда біз ұтпасак, ұтылмаймыз. Осындай әлемдік деңгейлерге көтерілген сайын көп тілді білімнің маңызы арта бермек. Әлемдік аренаға шығу үшін жаһандық тілді (ағылшын) тілін жетік меңгерген мәңгілік елге айналуымыз керек. Адам көп тіл білген сайын оның көкірек мен өмірінің көкжиегі кеңіп, өрісі ұлғая түсетіні белгілі. Халықтың бір неше тілді білгені өзі үшін де, мемлекет үшін де құнды. Бүгінгі әлемде мыңдаған адамдар шетел тілін, соның ішінде ағылшын тілін жұмыста немесе оқуда пайдаланады және ана тілі ретінде меңгереді. Қазіргі заманда ағылшын тілі «21 ғасырдың», халықаралық бизнес, қазіргі ғылым мен технологиялар тілі мәртебесіне ие болды. Ағылшын тілі – дүние жүзіне ең кең таралған халықаралық тіл. Әлемдегі ең көп тараған, әрі қытай тілінен кейінгі халық саны бойынша ең көп пайдаланатын тіл. Ағылшын тілі – бүгінде халықаралық қатынастың, ғылым мен техниканың, бизнес пен журналистиканың барлық салаларында кеңінен қолданылып келе жатқан тілдердің қатарына жатады. Біздің мақсатымыз ағылшын немесе басқа тілді игеріп, ағылшын идеологиясын сіңіріп, ағылшын болып өмір сүру емес, Қазақстанды бүкіл әлем халықтарына үш тілді бірдей пайдаланатын жоғары білімді мемлекет ретінде және жастарымызға әлемге қанат жайған ағылшын тілін игерте отырып, өзімізді әлемге таныту. Ағылшын тілі әлем мойындаған жаһандану тілі. Бұл-бұзылмас заңдылық. Елбасының: «Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді»-деп ескерткені тағы бар. Қоғамда ел жанашырлары үш тұғырлы тіл саясатын жүзеге асырамыз деп, ана тіліміздің мәртебесіне нұсқан келтіріп алдық дейтіндерде бар. Ол да негізсіз емес. Көпұлтты мемлекет ретінде Қазақстанда орыс тілі қарым-қатынас тілі ретінде жүріп жатқаны өтірік емес. Сыртқы көршілерімізбен басланыста аса маңызды деп өзімізді алдайтын кездерімізде болатыны шындық. Осындай кезде қазақ тілінің қал-ахуалы төмендейтіні сөзсіз. Тіл тағдырына саятын осы бір келелі істе кейін қапы қалмау үшін, тіл жанашырлары мен ұлағатты ұстаздар, ата-аналар мен ағабуын ұрпақ қазірден бастап қамдану керек. Асте салғырттық істемей, көп болып бас қатырып, тиімді жол қарастыру біздің міндетіміз.

Қорыта келе, қазақтың біртуар ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыров өз сөзінде: Ана тілі- қайнаған қаның, қиналған жаның, толғантқан көңілдің, лүпілдеген жүректің сығындысы, онда дәм де, мән де болуы керек деген екен. Шындығында сол ана тіліміздің мәнін де, дәмін де кетіріп алмас үшін қазірден бастап дамытуға жанашырлықпен атсалысқан жөн. Өз тілің бірлік үшін, өзге тіл тірлік үшін керек екенін ұмытпайық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қоянбаев Ж.Б. Педагогика.-Алматы:Рауан, 2009.
2. Жарықбаев Қ. Қазақстанда педагогика және психологиялық ғылымдарының дамуы.-алматы: Ұлағат, 2011.
3. Жұматаева Е. Қазақстан Республикасындағы білім жүйесін басқаруда білімдену инновациялық технологияларын жүзеге асыру. Павлодар: 2008.
4. Жүсіпова Ж.А. Педагогикалық шеберлік Алматы-2011. 5. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту Тұжырымдамасы: Жоба //География және табиғат. – 2010.

ОҚУШЫ БОЙЫНА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ СІңІРЕ ОТЫРЫП,